

Сабақтың тақырыбы


«Әлеуметтік көзқарастар қақтығысы»



Сабақ мақсаты

- **9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)**
- **9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану**

«Гендік инженерия» тақырыбында бейнеролик көрсету



Бейнеролик кімдерге арналған?

Соңғы уақытта қандай мәселелер өзекті болуда?

XXI ғасырдағы басты технологиялық қорқыныш қандай?

ГМО түсінігі сізге қорқынышты ма?

ГМО бізге қажет пе?



Дескриптор:

- Мәтіндердің мақсатты аудиториясын анықтайды.
- Термин сөздердің мағынасын біледі.
- Сұрақтарға дұрыс жауап береді.
- Өзіндік тұжырым жасайды.

1-тапсырма

А және Ә мәтіні беріледі. «Денотатты граф» әдісі бойынша аргументативті эссе жазу үшін өздері керекті дерек жинайды.

1. Ұсынылған мәтінді мұқият оқып, эссе жазуға қажетті тірек сөздер белгілеу.
2. Тірек сөздер арқылы берілетін ұғымның (тұжырым) қасиеттерін, белгілерін, ерекшеліктерін сипаттайтын етістіктер анықтау.
3. Екі мәтінге ортақ тақырыпты анықтап алу

А мәтіні

ГМО: Біз әлемді тамақтандырамыз Гендік модификацияланған организмдер – биотехнологияның XX ғасырдағы басты жетістігі. Халық арасында «ГМО» ретінде танылған бұл өнім гендік инженерия нәтижесінде алынған жасанды генотип. Кез келген өзгеріс ғылыми немесе шаруашылық мақсаттарға сәйкес жүзеге асатыны белгілі. Сіз білесіз бе? Күнделікті өмірде сүйсініп жейтін картоп өнімдерінің құрамына сарышаян гені қосылады. Осылайша ол суыққа үсімейтін, төзімді азыққа айналады әрі колорад қоңызынан зардап шекпейді. Немесе, күнделікті пайдаланып жүрген томатты алсақ, оған солтүстік камбаласының генін қосып, аязға төзімді, үсімейтін қызанақ түрлерін шығаруға болады. Ал зиянкес жәндіктер зиян тигізбес үшін жүгеріге жыланның уынан алынған белсенді ген енгізеді. Ғалымдар осылайша генетикалық модификацияланған өнімдерді шығару арқылы ғаламшарымызды аштықтан алып қалудың жолын ашып отыр деуге болады. Себебі бұл жол арқылы аз уақыттың ішінде жаңа сорттар шығарылып отыр. Өсімдіктер үшін пайдасы генетикалық модификацияға ұшыраған өсімдіктер өте төзімді, ұзақ уақыт сақталады. Зиянкестерден және арамшөптерден өздерін қорғай алады. Дүкен сөрелерінде бір пішінді, керемет иісті жемістерді де жиі байқайтын боларсыз. Ұзақ уақыт бұзылмайтын бұл жемістердің де сақталу құпиясы сол – ГМО. Статистикалық мәлімет бойынша, 1929 жылы небәрі 2 миллиард адам жер бетін мекендеген. Соңғы 50 жылдың ішінде адам саны 7 миллиардқа дейін өскен. Болжамға сүйенсек, 2050 жылға дейін бұл көрсеткіш 9,5-11 миллиардқа дейін артуы мүмкін. Жердің табиғи ресурсы барша адамды аштықтан сақтауға жетпесі анық. Оның шешімі – ұзақ сақталып, тез өсетін өнімдерді дайындау

Ә мәтіні

ГМО адам ағазасына қаншалықты зиян? «New York Times» басылымында Нью Йорк Университетінің зерттеушілері ГМО-ға қатысты «Әлемді жоюдың қайтымсыз үрдісі», – деген пікірді жариялаған болатын. ГМО – биологиялық қару. Өйткені ағза өзге генмен қосыла отырып, мутация жүргізеді әрі нәруызға токсиндер бөлетіні белгілі болған. ГМО-ның күші белгілі бір топты, нәсілді, ұлтты жойып жіберуге жетеді. Қорқыныштысы сол – нәтижесі бірнеше жылдан соң ғана байқалады. Қазақстанға тигізер әсері қандай? Кез келген генетикалық өзгеріс, У-жасушасын жояды да, Х-жасушаның артуына әкеледі. Яғни ер мен әйел арасындағы теңдік жоғалады. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдарды пайдалану болашақ ұрпақтың белсіз немесе бедеу болып тууына әкеліп соғады. Гендік модификацияланған дақылдардың көп таралған түрі — соя. Ресей ғалымдары тәжірибелердің бірінде егеуқұйрықтардың бірін кәдімгі, екіншісін трансгенді соямен қоректендірген. Нәтижесінде трансгенді соямен қоректенген егеуқұйрық ары қарай ұрпақ жалғастыра алмайтын әлсіз ұрпақты дүниеге әкелген. Соя ұны әрбір нан өнімдерінің, шоколад пен кәмпиттердің кейбір түрлерінің құрамында кездеседі. Ірімшік, айран өнімдері соя майынсыз жасалмайды. Тіпті соя майы балалар тамағында бар болып шықты. Тәуелсіз сарапшы Игорь Папә: «Қазақстандық әйелдердің 18%-ы құрсақ көтере алмай жүр. Мұндай мәселе әлем елдерінің көбісінің басында бар», – дейді. Демек қауіптің ұшқыны бізге де келіп жеткен. Қытай ғалымы Лао-Цзы: «Не жесең, соған тартасың», – деген екен. Ғалымдар да адамның болмысы жеген азығымен байланысты екенін дәлелдеген. Расында доңыздың гені қосылып, пішіні өзгерген, татымсыз қиярларды жеп жүріп, жылқы мінезімізден алыстап кетпейміз бе? ГМО әлемді аштықтан құтқарады, бірақ өзі де – өлімге бастайтын жол. Ішер асыңызға сақ болыңыз!

Дескриптор:

- Ұсынылған А және Ә мәтіндерін мұқият оқиды.
- Эссе жазуға қажетті тірек сөздер белгілейді.
- Тірек сөздер арқылы берілетін ұғымның (тұжырым) қасиеттерін, белгілерін, ерекшеліктерін сипаттайтын етістіктер анықтайды.
- Екі мәтінге ортақ тақырыпты анықтайды.

ҚБ. Дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау

2-тапсырма.

Жазылымалды тапсырмасында оқушылар жұппен жұмыста өздері анықтаған ортақ тақырып негізінде А және Ә мәтініне ортақ бір сұрақ құрастырады.

Мысалы: Гендік инженериясыз өмір сүруге бола ма?

Көтерілген мәселе бойынша эссе құрылымын сақтап, аргументативті эссе жазады. Эсседе мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді қолдану керек.

Дескриптор:

- Тақырыпты ашады.
- Жанрға сай жазады.
- Көзқарасын білдіреді.
- Эссе құрылымын сақтайды.
- Эсседе қарсылықты бағыныңқылы құрмалас сөйлемді қолданады.

ҚБ. Дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау

«3 маңызды»

- Гендік инженерия...
- Мен үшін маңызды, себебі.....
- Жастар үшін маңызды, себебі.....
- Қоғам үшін маңызды, себебі.....

Үйге тапсырма

«Ел келешегі биотехнологиямен тығыз байланысты, өйткені...». Осы ойды жалғастыра отырып 2 минуттық TED әңгімелерін дайындаңыз.